



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 18/44
6 мамыр



www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

7-мамыр – Отан қорғаушылар күні

7-мамыр – Отан қорғаушылар күні

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ ҚАДІРЛІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Сіздерді Отан қорғаушы күнімен
шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – тек әскери қызмет-
шілер үшін ғана емес, барша-
мызға ортақ қастерлі мереке.

Елін қорғау – әрбір азамат-
тың перзенттік парызы. Туған
жерге деген шексіз сүйіспен-
шіліктің жарқын көрінісі.

Мемлекетіміздің қорғаныс қа-
білетін арттыру – негізгі стра-
тегиялық мақсатымыздың бірі.
Қазақстан армиясы кез келген
жағдайда мемлекетімізді қорға-
уға дайын болуы керек. Қарулы
Күштеріміз еліміздің егемендігі мен
тұтастығының және халқымыздың
мызғымас бірлігі мен жарқын бола-
шағының кепілі болып қала береді.

Бүгінде жауынгерлеріміз батыр
бабаларымыздың даңқты жолын

жалғастырып, ел тыныштығын қы-
рағылықпен күзетіп тұр. Олардың
қауіпсіздікті қамтамасыз ету жо-
лындағы қалтқысыз қызметі – өске-
лең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге.

Өздеріне жүктелген мін-
детті мінсіз атқарып, антына
адалдық танытып жүрген бар-
лық сарбаздарға шынайы ри-
зашылығымды білдіремін.

Армиямыздың ай-
быны асқақтай берсін!
Еліміздің іргесі әр-
дайым берік болсын!

Әскери қызметшілерге, арда-
герлерге және барша отандаста-
рымызға зор денсаулық, қажымас
қайрат пен бақ-береке тілеймін!

akorda.kz

ПОЗДРАВЛЕНИЕ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА КАСЫМ- ЖОМАРТА ТОКАЕВА С ДНЕМ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА ДОРОГИЕ КАЗАХСТАНЦЫ!

От всей души поздравляю вас
с Днем защитника Отечества!

Этот праздник имеет особое зна-
чение не только для военнослужа-
щих, но и всего нашего общества.

Защита страны – священный долг
каждого гражданина, яркое про-
явление подлинного патриотизма.

Постоянное повышение оборо-
носпособности – одна из страте-
гических задач государства. Казах-
станская армия должна быть готова
в любой момент решительно встать
на защиту Родины. Вооруженные
Силы выступают надежным гаран-
том суверенитета и целостности
страны, оплотом единства и уве-
ренности народа в завтрашнем дне.

В настоящее время военнос-
лужащие продолжают славные

традиции героических предков,
охраняя спокойствие на нашей
земле. Их благородная служба по
обеспечению безопасности явля-
ется вдохновляющим примером
для подрастающего поколения.

Выражаю всем солдатам
и офицерам благодарность
за верность присяге и безуп-
речное выполнение долга.

Пусть укрепляется мощь
нашей доблестной армии
и всегда будут незыблемы-
ми устои нашего государства!

Желаю военнослужащим, вете-
ранам и всем соотечественникам
крепкого здоровья, благополу-
чия и мирного неба над головой!

akorda.kz

ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!



Отанды қорғау-барлық уақытта
қасиетті ұғым. Біздің ата-бабала-
рымыз көптеген ғасырлар бойы
армандаған тәуелсіздік алған елден
кейін бұл ұғым ерекше мағынаға ие
болды. Қазіргі таңда Қазақстанды
шекарасы белгіленген дербес, тәу-
елсіз және қалыптасқан мемлекет
ретінде қорғау-әрқайсымыздың
борышымыз. Баршаңызды Отан
қорғаушылар күнімен құттықтай-
мын, әскери қызметшілеріміз-
ге өз әскери борышын абырой-
мен орындауға, Отан қорғаушы
атағын, ашық аспан, табыс пен
амандық, Қазақстан Республи-
касының өркендеуі жолындағы
асыл және маңызды істерді мақта-
нышпен көтеруге тілектеспін!

Защита Отечества — святое по-
нятие во все времена. После при-
обретения страной независимости,
о которой наши предки мечтали
многие века, это понятие обрело
особый смысл. В наши дни защи-
та Казахстана как самостоятельного,
независимого и состоявшегося
государства с очерченными гра-
ницами, — долг каждого из нас.
Я хочу поздравить всех с Днем
защитника Отечества, пожелать
нашим военнослужащим с честью
выполнять свой воинский долг,
гордо нести звание защитника ро-
дины, чистого неба над головой,
успехов и благополучия, благо-
родных и важных дел во имя про-
цветания Республики Казахстан!

Приозерск қаласының әкімі Сатаев С.Қ.
Қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.



Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан – ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін шағын қалашығым. Менің Отаным кішкентай болса да, мен үшін аса қымбат. Ал, өзінің сүйікті Отанын, туып-өскен жерін қорғау әрбір азаматтың парызы һәм қарызы! Батыр бабалардың ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап, мұраға қалдырған ұланбайтақ жерді көздің қарашығындай сақтап қалу үшін әрекет ету, сыртқы күштерден Отанды қорғау – бүгінгі таңдағы ең үлкен және ең маңызды мәселе болып табылады.

Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де күдіретті сөз. Өзін ер-азаматпын деп санайтын кеудесінде намысы, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет – осы. Біздің елімізде Отан қорғаушы күні 7-мамырда арнайы аталып өтеді. Бұл күн – бейбіт елдің тыныштығын әуеде, құрлықта, теңізде қорғап, өз тағдырын ел тағдырымен байланыстырып жүрген әрбір әскери қызметші үшін ерекше күн. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің әскери саласын үдемелі дамыту мақсатында игі істер атқарылып жатыр. Президентіміздің: «Патриоттық рух

бізге ауадай қажет», деген сөзі ақиқат. Өйткені, отаншылдық рухы қай заманда да қазақ халқының бойындағы айрықша қасиет болып табылған. Сондықтан әскерилердің бойындағы патриоттық сезімдерін нығайтып, өсер ұрпақ ғибрат аларлықтай, үлгі тұтарлықтай, ержүрек, намысшыл, адал, қайсар мінзеді сарбаздар тәрбиелеудеміз. Еліміздің мақсаты мен мүддесін қорғап жүрген антына адал, сертіне берік Отан қорғаушылар келешек ұрпақ өкілдеріне өздері шынайы көңілден мақтан ететін мұра қалдыратынына сенеміз. Әскери ортада әлеуметтік сұраныс дұрыс шешім тапқандықтан, өз міндетін атқарып жүрген әрбір әскери қызметшіге де жоғары талаптар қойылып отыр.

Орасан зор міндеттерге – қазіргі заманғы өсіп-өркендеген мемлекет құру міндеттеріне алғашқы қадамдардан бастап экономикалық дамудың, ішкі және әлеуметтік саясаттың негіз қалаушы қағидаттарын жасаудың және жүзеге асырудың қиын жолдарымен жүру, сонымен қатар, демократиялық қоғамдық институттар құру, мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынастар орнықтыру, күрделі көпқырлы сыртқы саяси міндеттерді шешу қажет болды. Бүгін біз уақыт дәлелдеген бағытты экономикалық қадамдардың, демократия қағидаттарының қатаң сақтаудың, жалпыға ортақ құндылықтарды құрметтеудің, ашықтық пен толеранттылық

үдерістерінің дұрыстығына айқын көз жеткізіп отырмыз.

Қазақстан бүгінде аса ірі бұқаралық ақпарат құралдарында да танымал. Оны әлемдік қоғамдастық ішкі жағынан тұрақты, ырғақты дамып келе жатқан, ядролық қауіп-қатерлердің алдын алу ісі мен әлемде бейбітшілікті нығайтуда дәйекті саясат жүргізіп отырған сенімді әріптестерінің бірі ретінде қабылдайды. Өткенімізге көз салсақ, сол күрделі кезеңдерде, экономикалық қиындықтар тұсында мемлекеттік институттар, заңнама, сот, атқарушы билік органдарын құрумен, жаңа елордасы – Астананы салумен және басқа да көптеген міндеттермен қатар, қоғам алдында, оның қазақстандықтардың алдында, сондай-ақ егемендік пен аумақтық тұтастықтың кепілі бола алатын, қажет жағдайда өзінің тәуелсіздігіне кез-келген қол сұғушылыққа шешімді түрде тойтарыс беруге және мемлекеттің ішіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілетті өзінің Қарулы Күштерін құру міндеті тұрды. Қоғамды жұмылдырып, тұрақты дамудың кепілі мен елдің сыртында ғана емес, сондай-ақ ішінде де тірек болуға тиісті күшті және әскери қабілетті армияның мемлекеттік құрылыстағы рөлі жоғары екені айқын. Қазіргі заманда нақ күшті армиясы бар мемлекеттің елішілік қоғамды біріктіріп, оның тыныш дамуы үшін жағдай туғызатынын, азаматтарының қауіпсіздігі мен ертеңгі күніне сенімділігін арттыра түсетінін көріп жүрміз. Мұндай мемлекеттер жоғары халықаралық беделге ие. Іс жүзінде жоқ жерден Қарулы Күштер құрып, кейіннен оны қазіргі заманғы армия деңгейіне көтеру оңай шаруа емес екені сөзсіз.

Армия – бұл орасан ұйымдастырушылық, материалдық, қаржылық, ғылыми және басқа да бұдан маңызы еш кем емес құралдар мен ресурстарды талап ететін мемлекеттік институт. Және армияның жағдайы – мемлекеттің экономикалық қуаты мен әлеуметтік дамуының жинақталған көрінісі. Қазіргі дүниенің ырғағы мен өзгермелілігі соншалықты, іс жүзінде әрбір

он жыл сайын алға қарай жаңа прогрессивті сапалық секіріс жасалады. Қарулы Күштерді жаңғырту – мемлекеттің әскери ұйымдарын өзгермелі дүниеге тұрақты бейімделіп отыруды талап ететін перманентті үдеріс. Қарулы Күштерді бір мәрте құрып, оларды не қажеттің бәрімен жарактандырумен тоқтап қалуға болмайды. Егер сен тоқтасаң, жеңілгенің. Қысқа мерзім ішінде елдің әскери ұйымын қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындап берген алғашқы Әскери доктрина қабылданды. Бір мезгілде тиімді, икемді және функциялы ұйымдастырушылық құрылым құрылды. Қазақстанның қазіргі армиясы қағидатты басқа армия болды. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша және тиісті деректі айғақтамаларға сәйкес, бүгінде Қазақстан армиясы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ең озық армиялардың бірі болып табылып отыр.

Біздің Приозерск қаламызда ҚР ҚК мен РФ ҚК-інің бірнеше әскери бөлімдер орналасқандықтан, қала тұрғындарының да өмір-тіршілігі олармен тығыз байланысты. Себебі – қала жастарының басым бөлігі осынау әскери бөлімдерде қызмет етіп, Отан қорғауға өз үлестерін қосуда һәм бала-шағаларын асырауда. Сондықтан біздің қалада өтетін ортақ ісшаралар мен мерекелерде басымыз бір жерде тоғысады. Арадағы тығыз қарым-қатынастың арқасында қаланы дамыту, өркендету, көгалдандыру, жақсарта түсу мақсатында біргелікте әрекет жасалуда. Қаламыздың өміршеңдігі де осынау ортақ мүдденің беріктігіне байланысты. Өскелең ұрпақты отаншылық рухта тәрбиелеуге әскери бөлім басшылығы тарапынан баса көңіл бөлінгеніне, мектептердегі қызмет ететін жас сарбаздар ұйымдарының пайдалы жұмыстарына тәнтілігімізді атап өткім келеді.

Атаулы мереке құтты болсын, жерлестер!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

7-мамыр – Отан қорғаушылар күні

ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА



В Казахстане 7 мая отмечают День защитника Отечества. День защитника Отечества – это славная годовщина рождения Вооруженных сил нашей страны. Испокон веков защитники Родины всегда были воплощением чести и доблести, отваги и мужества, патриотизма и беззаветного служения своему народу. Казахстанцы бережно хранят память о подвигах всех поколений героев, отдавших свои жизни за свободу и независимость.

В преддверии празднования Дня защитника Отечества и 78 годовщины Великой Отечественной войны в КГУ «ОШ №2» отдела образования города Приозерск управления образования Карагандинской области прошли ряд мероприятий. С целью воспитания у обучающихся патриотических чувств к своей Родине, гордость за её героиче-

ское прошлое, уважение к участникам Великой Отечественной войны были проведены классные часы на тему «Мы помним! Мы гордимся!», урок мужества посвященный 100-летию со дня рождения Алии Молдагуловой на тему «Қазақтың мерген қызы».

Также прошел праздничный концерт «Ерлер - жердің қорғаны, елдің тұтқасы». В ходе мероприятия звучали песни, стихи, танцы, подготовленные учащимися школы.

Поздравляем всех, с праздником!. Желаем вам ясного неба, яркого солнца каждый день, стабильности и уверенности в себе и тех, кто имеет счастье быть с вами рядом! Мира, добра и благополучия вам и вашим близким!

*Заместитель директора по ВР
КГУ «ОШ №2»*

Кузнецова Ольга Александровна

НОВАЯ КОНЦЕПЦИЯ УПРАВЛЕНИЯ ВОДНЫМ ХОЗЯЙСТВОМ ПОЗВОЛИТ СНИЗИТЬ РАСХОД ВОДЫ

На брифинге в Службе центральных коммуникаций вице-министр экологии и природных ресурсов Галидулла Азидуллин затронул актуальные вопросы в области водного хозяйства, связанные с вегетационным периодом.

Отвечая на вопрос журналиста о том, какая работа проводится по снижению расхода воды, вице-министр отметил, что в настоящее время разрабатывается новая Концепция управления водным хозяйством. Согласно Концепции, будет проводиться реконструкция многих каналов. Независимо от этого, в основном в южных регионах ведутся работы по ремонту ирригационных систем.

«Все перечисленные проблемы будут решены поэтапно в соответствии с новой Концепцией», - сказал Г. Азидуллин.

За последние три года в стране было реконструировано 3500 километров каналов, в результа-

те чего сократился расход воды на 250 млн кубометров. А в этом году планируется провести очистку на 2129 километрах. Все это будет способствовать сокращению расхода воды, отметил спикер.

Он также рассказал о том, как решаются проблемы с трансграничными водами с соседними странами. Объем воды, отводимой из Токтагульского водохранилища по реке Сырдарья, на сегодняшний день согласован.

«Планируется провести трехстороннюю встречу с Таджикистаном по объему воды, направляемой из водохранилища «Бахри-Точик», и решить эту проблему. Можно считать, что Кыргызстаном внесено и предварительно утверждено наше предложение относительно объема воды, направляемой по рекам Шу-Талас», - сказал вице-министр.

ortcom.kz

ОСНОВНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ К ГОСУДАРСТВЕННЫМ СЛУЖАЩИМ

Соблюдение этических норм занимают особое положение в системе государственной службы.

В современных условиях вопросы усиления требований к морально-нравственному облику и деловым качествам государственных служащих потребовали совершенствования законодательства в данной сфере, способствующего повышению доверия к государственным органам со стороны общества.

В Послании народу Казахстана Глава государства обозначил, что общая задача - реализовать концепцию слышащего государства, которая оперативно и эффективно рассматривает все конструктивные обращения граждан.

Глава государства акцентировал внимание уполномоченного органа в сфере государственной службы проводить работу по дебиюрократизации в государственных органах, повышению эффективности государственного аппарата, создать сервисный и клиентоориентированный аппарат.

В связи с этим, в целях совершенствования законодательства по вопросу соблюдения служебной этики государственных служащих Указом Президента Республики Казахстан от 22 февраля 2022 года за № 814, утверждена новая редакция Этического кодекса государственных служащих Республики Казахстан.

Новый Этический Кодекс устанавливает стандарты служебной этики и служит основой для формирования морально-нравственных качеств у госслужащих.

В этом плане, Этический кодекс имеет важное значение для правильного понимания и применения норм служебной этики. Решения новых вызовов в системе государственной службы послужили поводом для принятия Этического кодекса в новой редакции.

Если Этический кодекс старой редакции объединял в себя, как, собственно, морально-нравственные требования к государственным служащим, так и базовые принципы к их поведению, то в новой редакции этот перекос был устранен за счет разделения этических требований от иных положений, не относящихся к служебной этике госслужащих.

Новый Этический Кодекс устанавливает стандарты служебной этики и служит основой для формирования морально-нравственных качеств у госслужащих.

Кодексом определены этические принципы государственной службы – добросовестность, честность, справедливость, открытость, вежливость и клиентоориентированность.

Следует отметить, что такие требования предъявлялись к госслужащим и в прежнем кодексе. Но, как вы уже заметили, в новой редакции кодекса предусмотрены приоритетные требования по соблюдению принципов открытости и клиентоориентированности, согласно чему, госслужащие должны всецело ориентироваться на запросы населения как потребителя государственных услуг, проявлять готовность к работе с общественностью и обеспечивать прозрачность своих действий.

Кодекс также определяет Агентство по делам государственной службы и его территориальные органы, органами, осуществляющими координацию по профилактике нарушений служебной этики.

В этих целях, активизирована работа уполномоченных по этике, дискониссии и советов по этике по предупреждению и профилактике нарушений.

Необходимо отметить, что на сегодняшний день деятельность государственных служащих и органов госуправления направлена прежде всего на профилактику правонарушений.

В этих целях с 2016 года действует Совет по этике и институт уполномоченных по этике, которые приводят профилактическую работу по недопущению нарушений этического кодекса.

В целом можно говорить о положительных результатах деятельности данных институтов, так как с каждым годом снижается количество госслужащих нарушающих этику госслужащих и проступков дискредитирующих государственную службу.

В частности, если в 2021 году за нарушение норм служебной этики и дискредитацию государственной службы к дисциплинарной ответственности были привлечены 38 госслужащих, то в 2022 году 22 госслужащих, то есть снизилось на 42%.

В основном к дисциплинарной ответственности государственные служащие привлекаются за ненадлежащее исполнение своих обязанностей и нарушение норм законодательства.

Учитывая вышеизложенное перед госорганами стоит задача по активизации профилактических мер в свете требований нового Этического кодекса, поднятия престижа госслужбы и доверия к госорганам на новый уровень в целях построения нового Казахстана.

*Член совета по Этике
в Карагандинской области
Строчкова Е.А.*

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В НЕКОТОРЫЕ ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫЕ АКТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ВОПРОСАМ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СЛУЖБЫ

Дисциплинарное взыскание на государственных служащих налагается за не исполнение или ненадлежащее исполнение своих служебных обязанностей.

Порядок наложения дисциплинарных взысканий определяют

Правила наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих.

В целях повышения исполнительской дисциплины в 2023 году в правила наложения дисциплинарных взысканий на государственных служащих внесены ряд изменений и дополнений.

Так например, уточнены порядок и сроки истребования пояснений от государственных служащих, назначения служебного расследования, наложения дисциплинарного взыскания, досрочного снятия дисциплинарного взыскания с политических государственных служащих и т.д.

Также, дополнено основание прекращения государственной службы политическими служащими как утраты доверия (назначаемые Президентом РК) и отказа от ротации.

С 1 января 2027 года вступят в силу нормы касательно прекращения государственной службы по отрицательным мотивам лицами, у которых не соответствует расходы к получаемым доходам.

Кроме того, внесены изменения в Закон «О государственной службе РК» где указаны исключения, когда государственный служащий впервые привлечен к административной ответственности за принятие на работу лица,

В КАЗАХСТАНЕ НАЧАЛАСЬ ПОДГОТОВКА К ПРОВЕДЕНИЮ ВСЕМИРНЫХ ИГР КОЧЕВНИКОВ

Подготовку к проведению V Всемирных игр кочевников, которые состоятся 8-15 сентября 2024 года в Астане, обсудили на совещании под председательством заместителя Премьер-Министра Алтая Кульгинова. Главным организатором спортивных состязаний выступает Министерство культуры и спорта РК. Большую поддержку оказывает Ассоциация национальных видов спорта РК.

«Чтобы V Всемирные игры кочевников прошли на высоком организационном уровне, необходимо начать подготовку уже сегодня. В нашей стране с особым вниманием относятся к национальным видам спорта, государство активно их поддерживает. В этой связи Игры

не представившего декларацию об активах и обязательствах.

При повторном нарушении, государственный служащий будет уволен на общих основаниях.

Помимо этого, с 1 апреля 2023 года за Агентством по делам государственной службы закрепляется функция контроля за соблюдением графика работы рабочего времени государственных служащих.

В частности, планируется, что мониторинг будет осуществляться посредством информационных систем и других данных, а также с посещением государственного органа.

Источником проведения мониторинга будут являться данные системы контроля и управления доступом государственных органов, публикаций в СМИ и социальных сетях, а также иные сведения.

Также внесены изменения в Правила передачи имущества государственных служащих в доверительное управление.

А именно, в части расторжения договора на доверительное управление имуществом.

Полагаем, что внесенные изменения способствуют качественному и эффективному исполнению служебных обязанностей государственными служащими.

Ильяс М.Б.

главный специалист

Управления контроля в сфере государственной службы

Департамента Агентства по делам государственной службы по Карагандинской области

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІ



Бүгінгі күні кез-келген жағдайда тиісті тәсілдер мен айрықша шешімдер табуға қабілетті, ерекше ойлайтын жаңа форматтағы мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің басты талаптарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілер билікпен халық арасын байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан олардың кәсіби біліктілігімен қатар, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Елді жоғары деңгейде дамыту үшін мемлекеттік қызметшінің бойында жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, әділдік, адалдық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Сол себепті, осы бағытта жұмыс істеу - бүгінгі күннің талабы.

Ал, бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыруда Әдеп жөніндегі кеңестің алатын орны ерекше.

Себебі, Кеңес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарын қарауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Кеңес мүшелері отырыстарында әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау, тәртіптік комиссиялар жұмысын үйлестіру және өзге де лауазымды адамдардың есептерін тыңдауды жүргізеді.

Жылдан жылға тәртіптік істердің саны және қаралатын профилактикалық сұрақтар үлесінің өсу динамикасы байқалады.

Атап айтқанда, 2021 жылы қа-

ралған 40 сұрақтың 14-і және 2022 жылы 35 сұрақтың 6-ы тәртіптік істер болса, биылғы жылы 2 отырыста барлығы 10 сұрақ қаралған және олардың бәрі профилактикалық бағыттағы мәселелер.

Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда.

Бұл мақсатта, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері тек отырыстарға қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудан және ауылдық округтерге барып, мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын өткізеді, азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді.

Мысалы, ағымдағы жылы осындай іс-шаралар Ақтоғай және Шет аудандарында өткізілді.

Бұндай шаралар, мемлекеттік қызметшілер тарапынан тәртіптік теріс қылықтарды жасаудың алдын алуына, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға, халыққа жақын, әр істе әділ болуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бағдары айқын, қызметі елеулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

Берік Смағамбетұлы

Дүйсетбаев

«Қазақстан» РТРК» АҚ

Қарағанды облыстық

филиалының директоры

«ҰРАНДЫ ЕЛДІҢ-ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР»

ТУҒАН ӨЛКЕ ТАРИХЫ



Қазақстанның Қарулы Күштері — Қазақстан Республикасының әскери құрылымы әскери басқару органдарын, Қарулы Күштердің түрлерін, арнайы әскерлерді, тыл, әскери оқу орындары мен ғылыми мекемелерді қамтиды. Соғыс уақытында құрамына қорғаныс министрлігіне қарайтын

әскер түрлерінен басқа Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі және басқа да әскерлері, республикалық «Ұлан», азаматтық және аумақтық қорғанысты басқару мен құру органдары кіреді. Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарында әскери қызмет атқа-

ру әрбір қазақ азаматының аса маңызды әрі құрметті міндетінің бірі болып табылады. Қарулы Күштер қатарында қызмет ету — Отанымызды қорғаудағы қасиетті борышынды өтеу деген сөз.

Отанды қорғауды біздің елімізге шабуыл жасаған сыртқы жаулармен қарулы күрес деп қана түсінбеу керек. Біз Отанымыздың күш-қуатын нығайта отырып, оны бейбіт уақытта да қорғауға ат салысамыз.

2023 жылдың 5 мамыр күні кітапхананың оқу бөлімінде Қазақстан қарулы күштерінің құрылуына орай «Ұранды елдің-ұрпағы қайсар» тақырыбында патриоттық кеш болып өтті. Іс-шараға 06708 әскери бөлімдерінің мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілер мен «Жас зеңбірекші» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілері қатысты.

Патриоттық кеште оқу бөлімінің кітапханашысы Ж.

Ерболған Отанымыздың қорғаны- Қазақстанның қарулы күштері жайында әңгімелеп берді.

Патриоттық кештің мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүйеге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

Іс-шараға қатысушылар өз ойларымен бөлісіп, Ұлы Отанының патриоты екенін сезініп, ерекше көңіл-күймен тарқасты.

Аға ұрпақ пен жас буынның Отанымызды қорғап, қызметте айтулы үлес қосқанын біз әрқашанда мақтан тұтамыз. Қарулы Күштеріміздің айбыны асқақ, мәртебесі биік болғай.

**«Приозерск қалалық кітапханасы» жкм
Оқу бөлімінің
кітапханашысы:
Ерболған Ж.Е.**

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР ҚҰРМЕТІНЕ!



Осы жылғы мамыр айының 7-жұлдызында қаладағы «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығы орталығында Отан қорғаушылар күні мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті.

Көңілдерге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып жеткен 7-мамыр – Отан қорғаушылар мерекесі құрметіне ұымдастырылып, өткізілген мерекелік салтанатты жиынға қаладағы әскери бөлімдер командирлері мен әскери қызметшілері, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшылары және қала тұрғындары қатысты. Осынау айтулы мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, абзал азаматтарымызға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар – өмірдің мәні, көңілдің жыры, әр отбасының алтын қазығы. Сондықтан мерекелік кеш Отан қорғаушыларға арналды.

Отан Қорғаушылары күні құрметіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы шығарылып, еліміздің Әнұраны ойналды.

Мемлекетіміздің маңызды да ерекше мерекесі – 7-мамыр Отан қорғаушылар күнімен құттықтау үшін Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев сахнаға көтеріліп, жиналған қауымды мерекемен құттықтады. Мерекелік кештің қуанышты жаңалығы – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен Приозерск гарнизонының бастығы подполковник Үмітәлі Серікұлы Бектаевқа полковник шені берілгені жарияланып, Үмітәлі Серікұлы сахнаға шақырылды және қала әкімі С.Сатаев Ү.Бектаевке атақ шенді табыстады. Сонымен қатар Үмітәлі Серікұлы Отан қорғаушылар күніне орай үздік қызметі үшін Приозерск қаласы әкімінің Құр-

мет грамотасымен марапатталады.

Отан қорғаушылар күніне орай үздік қызметімен көзге түскен әскери қызметкерлерді марапаттау рәсімі жалғасты. Приозерск қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен 06708 ә/б командирі подполковник Жасұлан Сәдуұлы Әбеков, 60601 ә/б командирі подполковник Өтеген Отарұлы Қдырғалиев, 18405 ә/б командирі подполковник Әзімхан Кеңесұлы Әлімов, Қарағанды өңірлік гарнизоны Әскери полиция басқармасының Приозерск гарнизонына қызмет көрсету бөлімшесінің бастығы әділет майоры Жалғасбек Абайұлы Айдынбеков, Приозерск гарнизонының әскери барлау бөлімінің бастығы подполковник Арыстан Абдуллаұлы Әлімбетов, Приозерск гарнизоны әскери прокуры полковник Арман Асылханұлы Дармурзаевтар марапатталды.

Әскери борышын өтеу кезінде белсенді қызметі және әскери дайындықтағы жоғары көрсеткіштері үшін келесі әскери қызметкерлер Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хаттары төмендегі кісілерге табысталды: Әскери көлік командатурасының (Сары-Шаған кенті филиалы) бастығы майор Дәурен Бахытұлы Нұрбеков, Балқаш аудандық пайдалану бөлімінің бастығы майор Нариман Нұртайұлы Нұркенов және 21 жол пайдалану учаскесінің бастығы Болат Есжанұлы Сулейманов.

Келесі сөз Қазақстан Респу-

бликасы Қорғаныс Министрлігі Приозерск гарнизоны бастығы, полковник Үмітәлі Серікұлы Бектаевқа берілді. Құттықтау сөзден кейін Приозерск гарнизоны бастығының мерекелік бұйрығын оқу үшін сахнаға Приозерск гарнизонының Штаб бастығы подполковник Андрей Владимирович Зотов сахнаға шақырылды. Сонымен қатар 10-Сары-Шаған сынақ алаңының бастығы полковник Казакову Алексею Викторович кеш қатысушылары мен ҚР ҚК әскери қызметшілерін төл мерекелерімен құттықтады.

Отанға адал, елге қайырымды азаматтарымыз аман болсын! Егемен еліміздің туы мәңгілік желбірей берсін! деген ақ тілек, жылы лебіздерден кейін салтанатты кеш мерекелік концертпен жалғасын тапты. Арнайы әскери қызметшілер үшін Алматы, Қарағанды қалаларынан келген талантты әншілер өз өнерлерін көрсетіп, әннен шашу шашты. Шырақбек Дүйсенбин, 2017-жылы Халықаралық Тұлға-2017 фестивалінің Грант при иегері, Самға әуен-2007, Жас Қанат-2010 байқауларының лауреаты - Айгерім Бисимбаева, жас әнші Бек (Әмірхан Бақытбек), Айнура Зейден, Азамат Жақсылықовтардың әсем әндеріне көрермендер қошеметпен қол шапалақтады.

Махамбет ИСАТАЙ

ТІЛ ТУРАЛЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ОЙЛАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай: «Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыру жұмысы жалғаса береді». Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның анна тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

«Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі», - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтанш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тіл білімінің, оның ішінде ғылыми терминологияның қалыптасуы мен дамуы туралы сөз қозғағанда, ұлағат алар ғұламаларымыздың қатарына кіретін ұлтымыздың ең ардақты тұлғаның бірі - Ахмет Байтұрсынұлы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

2023 жылдың 7-8 мамыр күндері аралығында Павлодар облысы, Баянауыл ауданында Ұлы Отан соғысының ардагері, Баянауыл ауданының құрметті азаматы Р. Избастинді еске алуға арналған Қазақ күресінен 2010-2012 ж.т. жасөспірімдер арасында өткен облыстық ашық турниріне Приозерск қаласының құрама командасы қатысты.

Жарыс қортындысы бойынша 32 кг салмақ дәрежесінде: Сулеймен Ерлан - III орын 46 кг салмақ дәрежесінде: Туркпенбаев Ерсұлтан - III орын

Ахмет Байтұрсынұлының тіл туралы тағылымды ойлары: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады».

«Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас камын ойлағандай тіліміздің де сақталу камын қатар ойлау керек».

«Тіл–адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі».

Ғұламалар айтқандай, өз ана тілімізді құрметтеп, мәртебесін көтерсек, өзгелерге де мойындата аламыз.

Приозерск қалалық сотының кеңсе бас маманы Назар Асылбек

С 7 по 8 мая 2023 года в Баянаульском районе Павлодарской области в областном открытом турнире по Қазақ күресі среди юношей 2010-2012 г. р., посвященном памяти ветерана Великой Отечественной войны, гражданина Баянаульского района Р. Избастина приняла участие сборная команда города Приозерск.

По итогам соревнований в весовой категории 32 кг: Сулеймен Ерлан-III место А в весовой категории 46 кг: Туркпенбаев Ерултан-III место



ИММУНОПРОФИЛАКТИКА



Иммунопрофилактика – бұл профилактикалық егулер жүргізу арқылы инфекциялық (паразиттік) аурулардың алдын алу, шектеу, немесе жою жөніндегі іс-шаралар. Профилактикалық егулердің міндеттері: Жеке адамның нақты иммунитетін қалыптастыру; Ұжымдық иммунитетті құру; Вакцина дегеніміз – тірі, өлтірілген, әлсіреген микроорганизмдер немесе белсенді иммунитетті дамыту арқылы жұқпалы аурудың белгілі бір қоздырғышына организмнің ерекше иммунитетін (иммунитетін) жасауға арналған олардың қалдықтары. Вакциналық препаратқа байланысты оны енгізу әдісі тері астына, тері ішіне, бұлшықет ішіне, ауыз арқылы, аэрогендік (ингаляциялық) және мұрын ішіне енгізілуі мүмкін.

Вакцинациядан пайда болған иммунитет әдетте тұрақсыз болады, сондықтан белгілі бір уақыттан кейін (инфекция түрлеріне қарай) вакцинаны қайта егу жоғалған иммунитетті қалпына келтіру үшін немесе кез-келген жұқпалы ауруға немесе олардың тобына иммунитеттің неғұрлым тұрақты деңгейін құру үшін жасалады. Ревакцинацияның нәтижесінде вакцинаның тиімділігі артады.

Иммунопрофилактиканың жоғары тиімділігі, ең алдымен, қоздырғыштардың ауа-тамшылы берілу механизмі бар бірқатар жұқпалы аурулар, олардың ауру деңгейінің күрт төмендеуіне әкеліп қана қоймай, сонымен қатар кейбір қауіпті жұқпалы аурулардың жойылуын қамтамасыз етті.

Иммунитет оңтайлы деңгейі 95% - дан төмен болмау қажет. Бұл шекті көрсеткіш.

Иммунитет деңгейі бағаланады:

- егумен қамту (вакцинамен басқарылатын инфекциялар үшін),
- иммунологиялық (серологиялық) мониторинг - аурушандық (егілгендердің ішінен) және эпидемиялық процестің басқа да көріністері.

Вакцинамен басқарылатын инфекциялар – бұл жұқпалы аурулар, онда иммунопрофилактика эпидемиялық процесті басқарудың ең тиімді іс

шарасы. Вакцинамен басқарылатын инфекцияларға дифтерия, сіреспе, көкжөтел, полиомиелит, қызамық, қызылша, паротит және басқалары жатады.

Бұл инфекциялар барлық елдерде ұлттық күнтізбелерге енгізілген және олардың кейбіреулері әлемнің ірі аймақтарында сырқаттардың жойылғанына дейін айтарлықтай жетістіктерге жеткен.

ҚР Профилактикалық егулерінің ұлттық күнтізбесі - бұл азаматтарға профилактикалық егулерді жүргізу мерзімдері мен тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық акт.

Халықтың келесі топтары жұқпалы ауруларға қарсы жоспарлы егулерге жатады:

1) профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесі бойынша профилактикалық егулерді жүргізудің белгіленген мерзімдеріне сәйкес жасы бойынша адамдар

2) инфекциялық аурулардың табиғи ошақтарында тұратын және жұмыс істейтін адамдар (көктемгі - жазғы кене энцефалиті, сібір жарасы, туляремия, оба, іш сүзегі)

3) өзінің кәсіби қызметінің түрі бойынша тәуекел топтарына жататын адамдар, олар - медицина қызметкерлері (Вирусты гепатит В, тұмау), кәріз және тазарту құрылыстарының қызметкерлері (іш сүзегі)

4) өз денсаулығының жай-күйі бойынша тәуекел топтарына жататын адамдар: қан құюды алған адамдар (вирусты гепатит В), диспансерлік есепте тұрған балалар (тұмау)

5) балалар үйлерінің, қарттар үйлерінің контингенттері (тұмау)

6) кез келген жануардың шағуына, сілекейіне ұшыраған адамдар (құтыру)

7) терінің және шырышты қабаттарының бұзылып, ауыр жарақат алған адамдар (сіреспе)

8) эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша вакцинациялау жүргізілетін инфекциялық сырқаттанушылық деңгейі жоғары өңірлерде тұратын адамдар (Вирусты гепатит А, тұмау, сібір жарасы, туляремия).

Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық басқармасы

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі кеңесте «Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін маңызды міндет» деп жастарға ерекше назар аударды. Жастарға сапалы білім берумен қатар еңбек нарығында да үлесін арттырудың маңызына тоқталды. Әрі жастар бастамасын қолдауға 40 млрд. теңге бөлініп, аймақтарға жолданғанын, бизнес саласындағы үздік жобаларға конкурс жарияланатынын жеткізген болатын. Телеспектакль. «Сарыарқа» телеарнасының мұрағатынан Теміртаудағы Металлургия мәдениет үйі орналасқан көше көрінісі.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Жастарды қолдау – басты міндет» мақаласынан



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

Қазір еңбек нарығында жастардың үлесі артып келеді. Үкіметке және әкімдерге 2030 жылға қарай 3 миллион 300 мың адамды жұмысқа тұрғызу туралы тапсырма берілді. Оның 2,2 миллионы жастар болуы тиіс. Жаңа жұмыс орындары уақытша емес, тұрақты болғаны жөн. Аймақтарда жұмыспен қамту карталары бекітілген. Соған сәйкес жыл сайын шамамен 950 мың адамға жұмыс тауып беру көзделген.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Жастарды қолдау – басты міндет» мақаласынан

**ВОЗ ОФИЦИАЛЬНО ОБЪЯВИЛ О ЗАВЕРШЕНИИ
ПАНДЕМИИ COVID-19**



**COVID-19
Coronavirus**

«Вчера комитет по чрезвычайной ситуации провел свою 15-ю встречу и рекомендовал мне, чтобы я объявил о прекращении чрезвычайной ситуации в общественном здравоохранении, вызывающей международную обеспокоенность. Я согласился с этой рекомендацией», - заявил глава ВОЗ мировым СМИ в ходе брифинга в Женеве.

Т.Гебрейесус сообщил, что за время пандемии, по оценке ВОЗ, от коронавируса погибли 20 млн человек.

В Казахстане с первых дней объявления пандемии была создана Межведомственная комиссия, где было принято более 2 тысяч оперативных и рациональных решений. Комиссией принимались решения по вопросам охраны и защиты здоровья населения от COVID-19, взаимодействия государствен-

ных органов, укрепления инфраструктуры медицинских организаций, закупки лекарственных средств, иммунобиологических препаратов, изделий и оборудования медицинского назначения, средств индивидуальной защиты, усиления и ослабления ограничительных мер с учетом эпидемиологической ситуации в стране и в мире.

С начала пандемии при Министерстве здравоохранения и при акиматах областей, городов Алматы, Астана, Шымкент созданы Республиканский и оперативные штабы, которые ежедневно координировали работу медицинских организаций по противодействию коронавирусной инфекции.

За период пандемии разработано и принято 83 постановления Главного государственного санитарного врача РК по сани-

тарно-профилактическим и противоэпидемическим мерам по вопросам COVID-19, которые постоянно актуализировались с учетом появления новых вариантов коронавирусной инфекции и знаний о свойствах вируса.

Для оказания своевременной медицинской помощи в городах построены 16 модульных реконструированы 3 инфекционные больницы, а также введены в эксплуатацию 63 амбулаторно-поликлинические организации.

В период пандемии была развернута работа 3054 выездных мобильных бригад, которые оказывали медицинскую помощь на дому.

Учитывая психоэмоциональную нагрузку, риски, в целях обеспечения социальной поддержки медицинских кадров приняты меры по выплате надбавок медработникам. За весь

период пандемии 57 тысяч медработников получили различные ковидные выплаты в размере порядка 285 млрд. тенге.

Благодаря ресурсам системы казахстанского здравоохранения, самоотверженному труду медицинских работников и своевременному проведению профилактических и противоэпидемических мероприятий по КВИ удалось остановить распространение смертельной инфекции.

Всего в Казахстане в период с 13 марта 2020 года по 5 мая 2023 года зарегистрировано 1 411 883 случаев заболевания коронавирусной инфекцией. Пандемия унесла жизни 13 848 казахстанцев.

Пандемию COVID-19 ВОЗ объявила 11 марта 2020 года. Она продлилась в итоге 3 года 1 месяц и 24 дня.

ortcom.kz

ИММУНОПРОФИЛАКТИКА

Иммунопрофилактика – это мероприятия по предупреждению, ограничению, а также уничтожению инфекционных, паразитарных заболеваний путем проведения профилактических прививок.

Цель проведения профилактических прививок:

Формирование специфического иммунитета у человека;

Создание коллективного иммунитета;

Вакцина – это живые, убитые, ослабленные микроорганизмы или продукты их жизнедеятельности, предназначенные для создания специфической невосприимчивости организма (иммунитет) к конкретному возбудителю инфекционного заболевания путем выработки активного иммунитета. В зависимости от вакцинного препарата метод его введения может быть подкожным, накожным, внутрикожным, внутримышечным, энтеральным (пероральным), аэрогенным (ингаляционным) и интраназальным.

Иммунитет при вакцинации обычно непродолжителен, и поэтому через определенный срок (для каждой инфекции особый) производят повторное введение вакцины (ревакцинацию) для восстановления утраченной невосприимчивости или для создания более напряженного уровня иммунитета к какой-либо инфекционной болезни или их группе. В результате ревакцинации эффективность вакцины значительно возрастает.

Высокая результативность иммунопрофилактики, прежде всего ряда инфекционных болезней с воздушно-капельным механизмом передачи возбудителей, не только обусловила резкое снижение уровня заболеваемости ими, но и обеспечила ликвидацию некоторых распространенных грозных инфекционных болезней.

Оптимальным уровнем коллективного иммунитета считается уровень не ниже 95%.

Этот показатель является пороговым при осуществлении массовой вакцинопрофилактики.

Уровень коллективного иммунитета оценивается:

- охватом прививок (для вакциноуправляемых инфекций),

- долей переболевших; иммунологическим (серологическим) мониторингом

- заболеваемостью (в т.ч. из числа привитых) и другими проявле-

ниями эпидемического процесса.

Вакциноуправляемые инфекций – это инфекционные болезни при которых иммунопрофилактика является самым эффективным мероприятием позволяющим управлять эпидемическим процессом. К вакциноуправляемым инфекциям относятся дифтерия, столбняк, коклюш, полиомиелит, краснуха, корь, эпидемический паротит и другие. Эти инфекции включены в национальные календари почти во всех странах и достигнуты существенные успехи вплоть до ликвидации некоторых из них в крупных регионах мира.

Национальный календарь профилактических прививок РК – это нормативный правовой акт, устанавливающий сроки и порядок проведения гражданам профилактических прививок.

Плановым прививкам против инфекционных болезней подлежат следующие группы населения:

1) лица по возрастам в соответствии с установленными сроками проведения профилактических прививок по Национальному календарю профилактических прививок;

2) население, проживающее и работающее в природных очагах инфекционных болезней (весеннее-летний клещевой энцефалит, сибирская язва, туляремия, чума, брюшной тиф)

3) лица, относящиеся к группам риска по роду своей профессиональной деятельности, это медицинские работники (Вирусный гепатит В, грипп), работники канализационных и очистных сооружений (брюшной тиф)

4) лица, относящиеся к группам риска по состоянию своего здоровья: получившие переливание крови (Вирусный гепатит В), дети состоящие на диспансерном учете (грипп)

5) детсадовцев, домовременников, контингент домов престарелых (грипп)

6) лица, подвергшиеся укусу, ослонению любым животным (бешенство)

7) лица, получившие травмы, ранения с нарушением целостности кожных покровов и слизистых (столбняк)

8) лица, проживающие в регионах с высоким уровнем инфекционной заболеваемости, которым вакцинация проводится по эпидемиологическим показаниям (ВГА, грипп, сиб. язва, туляремия).

Санитарно-эпидемиологический управление Г.Приозерск

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУДЫҢ БАСТАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ - АНОНС



«Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың наурыз айының 27 мен 10 мамыр аралығында жергілікті атқарушы органдарда өткізілетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылаудың басталғаны туралы хабарлайды. Қоғамдық тыңдаулар 5 мамыр сағат 12.00-де әкім аппараты, 1 қабат, акт-залында өтеді.

Государственное учреждение «Аппарат акима города Приозерск» сообщает о начале публичного обсуждения результатов внутреннего анализа коррупционных рисков, проводимого в местных исполнительных органах в период с 27 марта по 10 мая 2023 года. Публичные слушания пройдут 5 мая в 12.00 часов в аппарате акима, 1 этаж, актовый зал.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМ АППАРАТЫ» ММ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ: 5-30-06

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі – әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) – әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) – әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «АППАРАТ АКИМА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»:
5-30-06

График приема граждан:

Аким города – еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель акима (коммунальная сфера) – еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель акима (социальная сфера) – еженедельно по средам с 17.00 часов

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Жуимова Бердикул Мырхыевич, умершего 10 января 2023 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым гр. Жуимова Бердикул Мырхыевич, имел обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Сайлау Смагуловичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 2. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: sailau.karabek@mail.ru

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №18/44, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.